Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы 13 - апта

Білім беру ұйымы : «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н

Шулембаева Ж.

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11.2024 жыл - 29.11.2024 жыл.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 25.11.2024 | Сейсенбі 26.11.2024 | Сәрсенбі 27.11.2024 | Бейсенбі 28.11.2024 | Жұма 29.11.2024. |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау. | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.<br>Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар , демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз.( сөйлеу белсенділігін дамыту- сұрақтарға жауап беру,басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>Сөздік қоры : Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті ( аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды | **Шаттық шеңбер** (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыста.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br>**Әңгімелесу:** «Жаңбырды бақылау» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.) | | | | |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және басқалар) | Міндеттер:жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: жай жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Сөздік қоры:** жаңбыр.<br>Еңбек:табиғат бұрышында, ойын бұрышында , шығармашылық бұршында.<br>Міндеттері:табиғат бұршында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Ойын бұршында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 1 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту)<br>«Көңілді жаттығу» | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою).<br>Тақпақ (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Сыртан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз.<br>Таза болуды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдинетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс , әдептілікке үйрету.<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық | Дидактикалық ойын: «Суреттерді құрастыр» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиеті-коммуникативтік қызмет)<br>Міндеті: берілген суреттерден тәрбиешінің көмегімен сөйлемдер құрастыру. | Дидактикалық ойын: «Бүгінгі көңіл-күйім» (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет.)<br>Міндеті: көңіл-күй туралы қарапайым түсінікке ие болу, қойылған сұрақтарға жауап беріп, сөздік қорларын молайту. | Дидактикалық ойын: « Ойыншықтарды топтау» (сенсорика негіздері-танымдық қызмет)<br>Міндеті:топ бөлмесіндегі түстері әр түрлі ойыншықтарды заттарды түстеріне қарай топтауға, бөліп салыстыра, ажырата білуге үйрену. | Дидактикалық ойын: «Күз бе, қыс па?» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет коммуникативтік қызмет)<br>Міндеті:заттардың көлемдеріне қарай ажыратып,топтастыру. | Дидактикалық ойын: «Қыс келді» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік )<br>Міндеті:жыл мезгілдерінің өзгерістерін білу, ерекшеліктерін ажырату. Суретке қарап түсіндіру. |

SCAN AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздік қорларын молайту. | | | | |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Сенсорика , математика негіздері. ( 2 жас) «Үй» ойын. Міндеті: өлшемдері әр түрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру. Сөздік қоры: үй . (3 жас) «Ұшбұрыштан не құрастыруға болады?» ойыны Міндетті: заттарды салыстыру. Сөздік қоры: фигура. Сөйлеуді дамыту, | Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. (3 жас) «Мамандықты ата» ойын. Міндеті: балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Сөздік қоры: мамандық. (2 жас) «Қуыршақтарға өз ойыншықтарын табуға көмектес» ойыны Міндеті: үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсету. | Дене шынықтыру ( дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) (3 жас) «Не жасырылған тап» ойын. (2 жас) Міндеті: отырып және тұрып, заттардың астынан 0,5 -1,5 метр арақашықтыққа дотарды домалату. Сөздік қоры:доп. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Қолымда не бар?» ойыны (3 жас) Міндеті : шығарманың кейіпкерлеріне жаңашырлық танытуға тәрбиелеу. Сөздік қоры: қоян. | Сенсорика , математика негіздері. «Қызықты мозайка» ойын (2 жас) Міндеті: біркелкі заттарды топтастыру. Сөздік қоры: мозайка. (3жас) «Айырмашылығын тап» ойыны Міндеті: «Тең бе?» «Қайысы артық кем»? сауалдарына жауап беру. Сөздік қоры:артық. Қазақ тілі « Менің Отаным» ойыны. (3 жас) Міндеті : көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне | Музыка «Сылдырмақты сылдырат » ойын. (2жас) Міндеті:жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Сөздік қоры: сылдырмақ. (3жас) «Қуыр- қуыр қуырмаш» Міндеті:әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көркем әдебиеті.<br>«Менің отбасым» ойыны.<br>( 2 жас)<br>Міндеті: сөз тіркестерін құра білуге (сын есім+ зат есім+ етістік) сөздерін дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: әке, ана.<br>«Менің әжем» ойыны.<br>(3) жас<br>Міндеті: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Сөздік қоры: ата, әже.<br>Қоршаған ортамен таныстыру.<br>«Жаңбыр» ойыны. (2 жас)<br>Міндеті: кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қоры: жаңбыр. | Сөздік қоры: қуыршақ.<br>Дене шынықтыру.<br>«Қайда жасырылғанын тап» ойыны (2 жас)<br>Міндеті:биіктігі 10сантиметр, ауданы 50 х50сантиметр модульге өрмелеу.<br>Сөздік қоры: доп.<br>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Сенсорика, математика негіздері<br>« Көзінді жұмып, қолыңмен анықта » ойыны (2жас)<br>Міндеті: негізгі түсі,неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру.<br>Сөздік қоры: асық.<br>«Қандай көлік артық?» ойыны (3жас)<br>Міндеті: заттарды салыстыру.<br>Сөздік қоры: кеме. | (2 жас)<br>«Тиынға жаңғақ тереміз»<br>Міндеті: сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.<br>Сөздік қоры:тиын. | айтылған, сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>Сөздік қоры: Отан.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>«Нені қайда салады?» ойыны.( 2жас)<br>Міндеті:ыдыс, жиһаз,заттардың атауларын дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры:үстел.<br>(3жас)<br>«Үй жиһаздары» ойыны<br>Міндеті:сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ыдыс, жиһаз) ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздерімен байыту.<br>Сөздік қоры:орындық.<br>Дене шынықтыру<br>«Арқан тартыс» ойыны ( 2 жас)<br>Міндеті: алға қарай ұмытыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 | Сөздік қоры: ән жаттау.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.<br>«Үй жанары ит» ойыны<br>(2жас)<br>Міндеті:көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (кім? не?) сұрақтарға жауап беруге өз ойын айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры:ит.<br>«Жүргізушілер» ойыны.(3жас)<br>Міндеті:балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.<br>Сөздік қоры:ұшақ.<br>Сенсорика ,математика негіздері ( 2 жас)<br>«Сиқырлы суреттер» ойыны.<br>Міндеті:пішіні түсі бойынша ерекшеленетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (3 жас)<br>«Артығын тап» ойыны.<br>Міндеті: көлік, құрал байланыс құралдары.<br>Сөздік қоры: аз. | | | сантиметр) секіруге үйрету.<br>Сөздік қоры:арқан.<br>Дене шынықтыру(дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) | біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры:доп.<br>(3жас)<br>«Қай себетте көп?» ойыны<br>Міндеті:заттарға қосу немесе заттардың алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>Сөздік қоры : аз. |
| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. | | | | |
| № 1 серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Балаларды реттілікпен киінуін ( ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту, өзіне- өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| № 1 серуен | Бақылау: аспанды бақылау.<br>Міндеті: табиғаттың басқа құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.Аспанға қарап, ауа райын болжай алуға үйрету.<br>Еңбек әрекеті: алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау.<br>Міндеті: бірлесе | Бақылау: бұлтты бақылау.<br>Міндеті: бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>Еңбек: топтағы гүлдерді суару.<br>Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат | Бақылау:ауа райын бақылау.<br>Міндеті:күз мезгілі туралы түсініктерін молайтады.<br>Сөздік қоры: ауа райы.<br>Еңбек әрекеті: ағаш түптерінде жапырақты жинау.<br>Міндеті: бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді.<br>Қимылды ойын: | Бақылау: жаңбырды бақылау.<br>Міндеті: жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.<br>Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>Еңбек:ағаш түптеріне қар жинау.<br>Міндеті: Балаларды еңбек сүйгештікке | Бақылау: желді бақылау.<br>Міндеті: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.<br>Желдің күштілігі ауа - райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.<br>Еңбек: «Әдемі гүлдер» |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.<br>«Ұшақты қуып жет»<br>Міндеті: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.Жаттығу ойыны затты нысанға лақтыру.<br>Міндеттері: қол күштерін, көз өлшемін, объктіні бағдарлай білулерін дамыту.<br>Мақал:<br>«Жолда жүрсен, сақ жүр» берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр) | әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.<br>Ойлау қабілетін арттыру.<br>Қимылдық ойын: «Соқыр теке»<br>Дербес ойындар:<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу. | «Кім шымыр?»<br>Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)<br>Еңбек: Құстарға жем шашу.<br>Міндеті: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) | тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр)<br>Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>Қимылдық ойын: «Сұр қоян» | Міндеті: Гүлзардағы гүлдерді суару.<br>Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел»<br>Міндеті: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у - у - у.<br>Құйын келіп билейді зу - зу - зу<br>Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду.<br>Қимылдық ойын: «Орамал тастау» |

AnyScanner

| | |
|---|---|
| Серуеннен оралу | Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу. |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу,қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.( көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері.<br>Балалардың ұқыптылғын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** Рақмет. |
| Күндізгі ұйқы | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Ертегі оқу. «Әнші қоян»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>**(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** |
| Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары | **№ 1 кешен:** Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс- әрекеттер | Ойын:<br>«Аталған ағаштың суретін тап» (2 жас)<br>(сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет)<br>Міндеті: қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры: ағаш. | Ойын:<br>«Көліктерді гаражға орналастыр» (3жас)<br>(сурет салу, жапсыру, құрастыру мүсіндеу-ойын , шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет)<br>Міндеті: көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу.<br>Сөздік қоры:гараж . | Ойын: «Әуе шарлар» (2 жас) (салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті:балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда) қағаз бетіне қойып құрастыруға үйрету.<br>Сөздік қоры: шар. | Ойын:<br>«Бұлт» (3жас)<br>(сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: қағаз бетіндегі көлемі, түсі пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау.<br>Сөздік қоры: бұлт. | Ойын:<br>«Велосипед» (2 жас)<br>(сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті:дәстүрлі емес әдістерімен суреттер салу.<br>Сөздік қоры: велосипед. |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | Балаармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б.( сөйлеудің дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | Ойын:«Артығын тап» (сөйлеу дамыту коммуникативтік қызмет)<br>Міндеті: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту.Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>2 жас<br>Амангелді Алуа.<br>Бейсенов Алан.<br>Жакупбекова Айша<br>Қанат Дарын<br>Тасболат Ұлан | Ойын :«Кімде не бар?» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)<br>Міндеті:заттардың атын дұрыс атай білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру жылдамдыққа үйрету.<br>3 жас<br>Ашмухатова Айсана<br>Гуменяк Милана<br>Жұматай Шах-Керім | Ойын: «Үй жануарларының төлдерін атауға ажыратуға үйрету.» (сөйлеуді дамыту- ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)<br>Міндеті: үй жануарлардың төлдеріне мейірімді сөздер айту.<br>2 жас<br>Слипченко Макар<br>Курманбаев Нияр<br>Есен Бекзат | Ойын: «Жабайы жануарлар» (сөйлеуді дамыту)<br>Міндеті: ойлау, зейінді болуға дамыту, сөздік қорын молайту, сөзге сөз қосып, сөйлем құрастыру.<br>3 жас<br>Досанов Ислам<br>Утенова Тамила<br>Хажбатыров Джохар | Ойын: «Бұл қандай құс» (сөйлеуді дамыту)<br>Міндеті: суретке қарап, қайсысы үй құсы екенін табады.<br>2 жас<br>Тағар Темірлан<br>Ержан Батыр<br>Закревская Лиана |
| Кешкі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Тамактану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.</td></tr>
<tr><td>№ 2 серуенге дайындық</td><td colspan="5">Серуенге қызығушылықты арттыру.<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау<br>«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">№ 2 серуен</td><td colspan="5">Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.</td></tr>
<tr><td>Кешен №1 бекіту<br>Қимылды ойын:<br>«Ұшақтар»<br>Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын:<br>«Айтшы қандай?»<br>Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын:«Хан талапай»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>«Керісінше айт»<br>Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын:<br>«Мені қуып жетіңдер.»<br>Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйлеріне қайтуы</td><td colspan="5">Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу.<br>Сөздік қоры: Сау болыңыз! Сау бол!</td></tr>
</table>

25. 11. 24ж
Тексерілді: [signature]
Сабенова Ү.А.

AnyScanner